Астана қаласы әкімдігінің «№ 32 мектеп – гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

осударственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия № 32» акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 13 қаңтар
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№28
город Астана

2025 жылғы қызмет, жұмыс, тауарларды мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына өзгерістер мен қосымшалар бекіту туралы

2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңынын 6-бабының 6-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «АстанаЭнергосбыт» ЖШС электр энергиясын сатып алу туралы жылдық жоспарының конкурс қорытындысы шыққанға дейін тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі, *тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі арқылы* 2025 жылдың соңына дейін шарт жасасу 16-баптың 3-тармағы 1-тармақшасына сәйкес жылдық жоспарға өзгеріс енгізілсін.
2. «Қазақтелеком» АҚ интернетке қол жеткізу қызметі *ашық конкурсы арқылы* жариялансын және сатып алынсын. Аталған қызмет бағасы 10 ай мерзімге ҚҚС-сыз 4 968, 8 мың теңгені құрайды.
3. «Қазақтелеком» АҚ бейнебақылау камераларын қосу бойынша деректерді беру үшін байланыс қызметтерін ұсыну қызметі *ашық конкурсы арқылы* жариялансын және сатып алынсын. Аталған қызмет бағасы 10 ай мерзімге ҚҚС-сыз 150,0 мың теңгені құрайды.
4. Конкурстық комиссия мынадай құрамда бекітілсін:

Шалахаев Б.Ж. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, конкурстық комиссияның төрағасы;
Ержанов М.Л. – бас бухгалтер, конкурстық комиссияның мүшесі.
Утетелеуов А.З. – директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары, конкурстық комиссияның мүшесі.
Аусарова А.А. – бухгалтер, конкурстық комиссияның хатшысы.

5. Бухгалтер М. Л. Ержанов Ережеде белгіленген конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етілсін.
6. Мерзімді басылымдарға, газеттер мен журналдарға жазылу қызметтері бірінші жартыжылдыққа *баға ұсыныстарын сұрау тәсілі арқылы* сатып алынсын. Сатып алынатын газет-журналдардың жалпы саны 28 дананы құрайды.

7. Бас бухгалтер (М.Л. Ержановқа) Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды мемлекеттік сатып алудың веб-порталына орналастыруға міндетті.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Г. Байтас**